

## М.МАҚАТАЕВТЫҢ «РАЙЫМБЕК! РАЙЫМБЕК!» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ОБРАЗ ЖӘНЕ КҮРЕСКЕРЛІК ИДЕЯ

Қарлығаш АБИЫР\*

**Özet:** М.Мақатаевтың "Райымбек! Райымбек!" поэмасы тарихи тақырыпқа, ерлікке, ел қорғауға арналған көлемді кесек туынды. Бұл поэма дереккөздерге сәйкес, 1970 жылы жазылса да, баспадан "Лениншіл жас" газетінде 1981 жылы жарияланды. Ақынның поэмасы тақырыбы мен идеясы көркемдік тұрғыдан сюжеті мен мазмұны, терең пішінмен композициялық құрылысы нақты, тарихи дәуірдегі халықтың тыныс-тіршілігін, өткен жаугершілік замандағы халықтың басындағы ауыр қайғыны айшықтап жазылған туынды. "Ақтабан шұбырынды" тарихи кезеңін және Райымбектің халық батыры ретінде қалыптасу тарихын бейнелеудің көркемдік ерекшеліктері қарастырылды.

**Anahtar Kelimeler:** туынды, ақын, қайсар, рух, күрескер

### Image of art and resistance in the M. Makataev's "Raiymbek! Raiymbek!" Poem

**Abstract:** The article is devoted to the study of M. Makataev's poem "Raimbek! Raimbek!". According to official sources, the poem was first written in the 1970s, but was first published in 1981 on the pages of the newspaper Leninshil Zhas. Despite the period of writing the work, the author boldly expresses opinions about the history of the Kazakh land. There are obvious anti-colonial thoughts of the poet in the artistic discourse. The article attempts to analyze the poem by analyzing artistic poetics. The ideologically interrelated works of M. Makataev on the theme of the Motherland are established. The artistic features of the image of the historical period of "Aktaban shubyryndy" and the history of the formation of Raimbek as a national batyr are considered.

**Key Words:** creativity, poet, perseverance, spirit, fighter.

### Кіріспе

Қазақ поэзиясының Хан Тәңірі саналатын ақын Мұқағали Мақатаевтың әдеби мұрасында Отан, туған ел мен жер тақырыбы ерекше орын алады. Ұлттық сана-сезімнің, азаматтық ой-өренің биіктігін әйгілейтін осы арналы тақырып ақын поэзиясында түрлі тарихи кезеңдер аясында көркем пайымдалады. Сыршыл ақын өлеңдерінде қан майданда қаза болған әке бейнесі де, кіндік қаны тамған Қарасазына деген сағыныш сезімі де, тылсым Табиғаттың сұлулығы да киелі атамекен туралы ойлантады. Туған елі мен жерінің қадір-қасиетін көтеріңкі пафоспен («Үш бақытым»), нәзік элегиялық көңіл-күймен («Қайырлы таң»), енді бірде азалы үнмен («Райымбек! Райымбек!») жырлаған ақын сезім пернелерін баса отырып, өзінің қаламгерлік пәлсапасын ортаға салады. Мұқағали поэзиясында Отан – алып сырлас, құдірет күш, қамқоршы («Отаным, саған айтам»). Осы орайда М.Мақатаевтың аяқталмай қалған «Райымбек! Райымбек!» поэмасындағы атақоныс, ел, тарих жайлы поэтикалық толғаныстары айрықша мәнге ие.

Мұқағалидің «Қайырлы таң» өлеңін адам мен табиғат, миф пен әдебиет сабақтастықтары тұрғысында талдай келе әдебиеттанушы С.Әбішева былай дейді. «Национальное мышление и художественно-мифологическое сознание казахов формировалось в условиях кочевого образа жизни, поэтому земля и ее необъятные просторы составляли основу природного космоса казахов, о чем свидетельствуют стихотворные строки поэта XX века М.Мақатаева» [1, 6]. Әлем келбетін танудағы ақынға тән суреткерлік зерденің көшпенді мәдениеттен жеткен қасиет екенін ғалым осылайша бағалайды. «Қайырлы таң, Тыныштық! Қайырлы таң, Тіршілік!» деп аяқталатын осы өлеңіндегі негізгі ойдың өзегі Ұлы Отан соғысынан кейінгі Отанның, елдің бейбіт өміріне сүйсіну екені анық. Өлеңнің поэтикалық ой қорыту, сөз сабақтау динамикасында Отан тақырыбының соғыс және бейбітшілік тұрғысында тілге тиек болғандығы көрінеді. Толқулы, тәубешіл ықыласты «Алатау, ассалаумағалейкум!» өлеңінен де аңғаруға болады:

«...Жат осылай тапжылмастан, осыныңды хош алам,

Баурайында бауыр да аман, тең-түс, аға, дос аман.

Жат осылай тапжылмастан, уа, тәкаппар босағам!» [2, 103].

\* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистр, аға оқытушысы, karligash\_80@mail.ru

Жоғарыда келтірілген үзіндіде ақын соғыстан кейінгі дәуірді суреттегенмен, ой түкпірінде ел басынан өткен қайғылы күндер жайлы ауыр ойлар бас көтергені сөзсіз. Тағы да сол соғыс пен бейбіт өмір бинарлы оппозициясына тап боламыз. Бүгінгі мамыражай тіршіліктің қадірін, құнын кешегі соғыстың қайғы-қасіретімен таразылап, бағалау аңғарылады. Жалпы Мұқағали поэзиясында атамекен бейнесіне қатысты осы сипаттағы ой-толғаныстарды көптеп кездестіруге болады.

М. Мақатаев поэзиясындағы Отан концептінің көркем бейнелену сипатына деген мейлінше объективті ғылыми көзқарасты айқындау үшін ақынның тұтас әдеби мұрасы жайлы білу қажет. Шығармашылық тұлғаның, талант иесінің қалыптасу жолы, ол өмір сүрген дәуір, тұлғаға тән ұлттық жад мәселелерін терең зерделегенде ғана Отан ұғымының көркем тұжырым таби тарихына көз жеткізуге болады. Шын мәнінде, осы көркем концептінің жекелей М.Мақатаев поэзиясында өзіндік даму жолы бар. 1970 жылдың қоңыр күзінде жазылып, алғаш 1981 жылы «Лениншіл жас» газетінде жарық көрген «Райымбек! Райымбек!» поэмасындағы ел мен жер тағдыры жайлы ақын толғаныстарының бұған дейінгі және кейінгі Отан тақырыбындағы туындылармен идеялық байланысы бар. Тақырыптас өлеңдердегі көркемдік дискурстан ақынның ой жетілдіру үрдісі айқын аңғарылады.

«Райымбек! Райымбек!» поэмасының көркемдік поэтикасын бірнеше қырынан бағалауға негіз бар. Біріншіден, поэма фольклорлық дәстүрді жалғастырған ұлттық сипатымен ерекшеленеді. Екіншіден, ақын Райымбек батыр бейнесі арқылы ұлттық рухты жырға қосып, қазақ батырының ерлігі жайлы баяндайды. Бұл поэма күні бүгінге дейінгі қазақ жазба поэзиясындағы Райымбек батыр тақырыбына арналған жалғыз үздік туынды десек, артық айтпаспыз. Үшіншіден, ақын қайсар рухты батыр бейнесі негізінде ұлт азаттығы мәселесін толғайды. «Мұқағали өмір сүрген кеңестік дәуірде Әлмерек би, Райымбек батыр, Қабай жырау, Сырымбет, Хангелді, Түке бабалардың есімін атаудың өзі үлкен қылмыс болып саналушы еді. Соған қарамастан, ақынның батылдығы арқасында тарихи шындық жыр тілінде өрілді. Бұл да Мақатаев поэзиясының ұлттық рухты көтерудегі зор үлесінің дәлелі», - дейді ғалым Б.Жақып [3].

Поэманың жазылған мерзімін ескерсек, ақын поэзиясына тән күрескерлік рухты паш еткен бірден-бір туынды ретінде оның ұлттық құндылығы жоғары.

Поэмада бала батыр Райымбектің алғаш көптің алдында сыналуы, топ жарып шыққан шешен, көш бастар көсем, тапқыр сарбаз ретінде көрінуі ел аузында сақталған аңыз-әңгімелермен үндес суреттеледі. Дегенмен халықтық жад мұрағаты – аңыз-әңгімелер желісіндегі сюжеттен гөрі ақынның жеке көркемдік шешім жасағаны бірден байқалады. Райымбек пен Қабай жырау арақатынасы, батырдың Ілені атпен жүзіп өтуі сынды аңыздық мотивтерді автор өзінше пайымдайды. Баланың қан төгіс жаугершілік заманында қайсар рухты болып өсіп жетілу жолы нанымды баяндалады. «Белінен дұшпан аттап баратқанда, Біздің ел неге қарсы тұра алмады?!» [3, 62] деп іштей намысы қозып, толғанатын жас батырдың осы бір сауалы, шын мәнінде, ұлттық сана-сезімнің ояну дәуірі келіп жеткенін айғақтайды. Райымбектің өзіне-өзі тастаған осы сұрағы рулық санадан елдік санаға көшу кезеңін аңғартады. Қас дұшпаны шапқанда «қақпа бола алмаған қайран елге» жас батыр өкпесімен қоса, ызасын да ақтарғысы келеді.

Поэмада жас батырдың жалғыз арқа сүйері – Қабай жырау. Қырғыннан ертіп шығып, жетелеп өсірген жырауды Райымбек ең жақыны санайды. Райымбектің бойындағы жойқын күш тасқынын бірінші болып байқап, ақыл-кеңесін арнайтын да – Қабай жырау. Соғыс амалдарынан дәріс айтатын да сол қария.

Дәстүрлі қара өлең үлгісін негізге ала отырып, өлең өрнегін қалыптастырған ақын поэмада суреттелетін тарихи кезең – «Ақтабан шұбырындыны» танымал «Елім-ай» әнімен сабақтастырады. Автор трагедиялық әнді оқырман ойында жаңғырта отырып,

оны бейнелі түрде көркем тарихи фонға айналдырады. Әннің алғашқы тармағына психологиялық тұрғыда екпін түсіру арқылы ақын шығарманың кіріспе бөлімінде-ақ оқырман санасын өткен тарихи кезеңге көшіреді. Осы орайда ән мәтінімен, ол туралы тарихи деректермен таныс рецепиент көркем мекеншақ (қазақ жеріндегі «Ақтабан шұбырынды» заманы) жайлы ақпаратты өз санасында қайта жаңғыртады. Үш бөлімнен тұратын поэманың алғашқы бөлімінде ақын осылайша дәуір сипаттамасын мейлінше толымды жеткізуге ден қойған.

Ақын осы тұстағы өлең өрнектерінде «қара» сөзіне ерекше салмақ артады және ол әр контексте әркелкі семантикалық қолданысқа ие. Мысалы, әлденеше рет қайталанатын «қара жау» тіркесіне ақын дұшпанға деген халық ашуы мен ызасын арқау етеді. Үстемелей қолданыс тапқан «қара жорға», «қара күн», «қара қазақ», «қара түн», «қара қайғы», «қара шаңырақ», «қара жұрт» тіркестерінің поэтикалық әсері қазақ елінің басына төнген зор қайғы-қасіретті бейнелейді. Әлбетте, ақынның осындай көркемдік картинадан туындаған эмоционалдық-экспрессивтік әсерді үдету ниеті де айқын:

«Қара таудың басынан көш келеді»

Қара жорға шайқалып бос келеді.

Қара күнді жамылып, қара қазақ

Қара күнді басынан кешкен еді.

Қара қайғы көрсетпей ештеңені,

Қара жауы қанатын кескен еді.

Шұлғау болып қыздардың кестелері,

Талай қара шаңырақ өшкен еді.

«Қара таудың басынан көш келеді!!!» [4, 52].

Контекстегі «қара тіркестердің» түпкі мәні әрқилы. Сыртқы тұрпаты ұқсасболғанмен, өзара қайталама болып табылмайтын бұл тіркестердің мәні де стильдік тұрғыда М.Мақатаев қаламына тән суреткерлік талантты танытады. Кестеге назар аударайық:

«Қара тау»	жер атауы
«қара жорға»	жылқы түсі
«қара күн», «қара түн»	қайғы
«қара қазақ», «қара қайғы», «Қара Орда», «қара қазан»	Қалың, көп мәнінде
«қара шаңырақ», «қара жұрт»	қасиетті

Осы айтылған тіркестердің баршасы да түпнегіз – «Қара тау» сөз тіркесінен бастау алғаны айқын. Ақын қара сөзінің киелілік, көлем, түс мағынасындағы әрқилы мәнін жинай келіп, соларды топтастыра қолдану нәтижесінде күрделі де ауыр көріністі бедерлейді. Тұтас ел басына төнген қайғылы жағдайды ақын осындай қою бояумен, панорамалық көрініс түрінде береді.

«Көш келеді боздатып боз даланы,

Көз ұшында боз сағым қозғалады.

Әлдекімнің естілсе созған әні,

Әлдекімдер аңырап жоқтау айтса,

Әр кеудеде бір шемен қозданады

Әр қазақтың естіліп боздағаны» [4, 52].

Бұл тұста да «Елім-ай» әніне мегзеу бар. Яғни ақын әнді дыбыстық бейне санатында да сәтті қолданады. Қазақ мәдениетінде ұлттық жадқа қозғау салар феноменге айналған әннің поэмадағы көркемдік қызметі өте кең тарапты.

Шығармадағы дала образы да назар аударарлық. Суреттелу деңгейі, поэтикалық сөз өрнектер тұрғысынан алғанда, Дала дербес бейне санасына көтерілген. «Қанға шөлдеп қаңырсып жатыр дала», «Даланың түндік қанат құзғындары», «Сырлар бар-ау қойныңда, туған далам, Ақтарылған қаныңнан қазағымның», «Қазақ қанын сылқытып жатыр дала...», «Қан сасыған дала...» іспетті өлең жолдарындағы Дала кейпі бірде нақты географиялық кеңістік, бірде туған жер, бірде майдан аумағы мағынасында көрініс тапқан. Баяндалатын оқиға мен көркем уақыт және кеңістік бірлігі позициясынан зер салатын болсақ, ақын пайымындағы Дала – қазақ елінің талай ғасырлық қайғы-қасіретінің куәсі деген пәлсапалық ойдың ізі шаң береді. Яғни Дала – қазақтың қаны сіңген қасиетті мекен.

«Көр болса да болса екен қазақ жері, Қазақ жері болғасын атамекен» [4, 52], я болмаса «Өзіңнің тұрмағасын уысыңда, Өз жерің өзіңе жат құрысын да!..» [4, 72] сынды батыл байламдар – поэманың өн бойындағы қайнаған ұлттық намыс пен өршіл рухтың ұшқындары. Өлең тармақтарындағы ой-тұжырымдарды контекстен бөліп алып зерделесек, бұл ойдың ақын өмір сүрген дәуірге де қатынасы бар екені анықталады.

Жоғарыда айтқандай, ашық ұлтшылдық рухпен қоса, кеңестік идеологияның да поэмаға ықпал жүргізгені рас.

«Дәрменсіз сорлы кедей-кепшікті бұқтыра,  
Күшік тазыдай жылмандайсыңдар мықтыға!..»  
Қызыңды сатып қымызға мас боп жатыңдар,  
...Халықпысыңдар?!  
Қазан андыған қатындар!» [4, 61], -

сынды жолдарда ақын туған елінің өткен тарихына кеңестің дүрбімен қарағандай әсер қалдырады. Алайда мұндай жағдайға тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зер салған жөн деп ойлаймыз. Сондықтан поэманың социалистік реализм дәуірлеп тұрған кезеңде дүниеге келгенін естен шығармаған абзал.

«Мұқағали қазақтың бай ауыз әдебиетін, одан кейінгі жазба әдебетінің озық үлгілерін, әлемдік әдебиет жетістіктерін бойына толық сіңіріп қабылдай отырып, поэзияда қалыптасып орныққан өлшем-өрнекті керек жерінде қырнап-өңдеп, түрлендіріп қолдану жағынан шеберлік танытты», - дейді ақын шығармашылығын зерттеуші Ж.Өтейұлы [5, 2]. «Райымбек! Райымбек» поэмасы ақын поэзиясындағы жеке қаламгерлік стиль өрнектерін тануға, ұлттық мұраттарды батыл жырлауға деген шығармашылық интенциясын зерделеуге мол мүмкіншілік береді. Осы орайда поэманың соны тақырыпқа қозғау салып, Райымбек ерлігін жырлауы жағынан да, ұлт-азаттық рухты жаңғыртуы тұрғысында да, қазақ өлеңін өзіндік бояу және нақышпен байытуы бойынша да ақынның бұл туындысы әлі де жан-жақты зерделеуді қажет етеді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- Абишева С. Трансформация мифологических универсалий в русской и казахской поэзии // Русский язык и литература в пространстве мировой культуры: матер. VIII конгресса МАПРЯЛ. – СПб, 20015. – С. 5-10.
- 2 Мұқағали Мақатаев. Өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 224 б.
- 3 Жақып Б. М.Мақатаев поэзиясы және ұлттық рух // Ақиқат. – 2011.- №4. – Б. 28-34.
- 4 Мақатаев М. Райымбек! Райымбек! Поэма // Райымбек. Ұжымдық жинақ. – Астана: Елорда, 2005. – Б.52-71.
- 5 Өтейұлы Ж. Мұқағали Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі. Филол.ғыл. канд. Дис. Автореф. – Астана, 2007. – 28 б.